ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №144-145 (6121) 27 қараша, сенбі, 2021 жыл.

*30 жыл – халқымыз үшін тарихи белес. Біз осы уақыт ішінде ата-бабамыздың асыл арманын орындап қана қоймай, оны баянды ете білдік. Қазақстанды әлем таныған, жаһан мойындаған іргелі мемлекетке айналдырдық. Бұл – барша халқымыздың ортақ жеңісі.*

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.**

# АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ

## билік пен қоғам арасындағы диалогтың маңыздылығын дәлелдеді




**Алматыда «Қоғам мен мемлекеттің тұрақты даму мүддесіндегі әріптестікке – 30 жыл» тақырыбында X Азаматтық форумның пленарлық отырысы өтті**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың X Азаматтық форумға құттықтауын ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев оқып берді.

Алқалы жиынға сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дархан Мыңбай, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Қазақстанның Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева қатысты.

3

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



### «ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ»

2

ІНДЕТПЕН КҮРЕС



### АЛМАТЫДА ЖАҢА ЖЫЛ КОРПОРАТИВТЕРІ ӨТЕ МЕ?

6

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 26 қарашадағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен
**1 020 869**
II компонентпен
**975 425**
адам вакцина салдырды

2021 жылғы 26 қарашадағы мәлімет бойынша Қазақстанда I компонентпен – **8 690 377** адам, II компонентпен **8 024 665** адам вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**27.11.2021**

**Түнде:**
**-8-10 °C**
Көшпелі бұлтты, қар, көктайғақ.

**Күндіз:**
**-1-3°C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с**

**28.11.2021**

**Түнде:**
**-8-10 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+1+3 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с**

ӘКІМ

# ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

## Бақытжан Сағынтаев автокөлік инфрақұрылымы жұмыстарының қарқынын тексерді



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев шаһардағы көлік жолайрықтарын, метро станцияларын салу және Абай даңғылын үзарту жұмыстарының барысын тексерді.

Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысында көлік жолайрығының құрылысы аяқталып келеді. Рысқұлов даңғылы арқылы өтетін эстакадада жол жабынын орнатуға дайындық жүргізілуде. Жақын орналасқан аумақ абаттандырылуда. Эстакаданың ұзындығы – 186 метр. Бұдан сәл бұрын бұл жолайрықтағы жеке бұйірлі жолдар бойынша көлік қозғалысы ашылған болатын.

2

ҚЫСҚА...

- Республикалық маңызы бар жолдарда және қалаларда ақылы жолдар бойынша 7 қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.
- Елімізде «байлық салығын» енгізу мәселесі 2022 жылы қаралмақ.
- Ресейде Дина Нұрпейісованың 160 жылдық мерейтойына орай шығарылған «Түркі әлемінің ұлы композиторы» кітабының тұсаукесері өтті.
- 2022 жылы дәрігерлердің жалақысын көтеруге 361 млрд. теңге қаржы бөлінеді.
- 2 желтоқсан күні «Алматы Арена» мұз сарайында студенттер арасында робототехникадан «ETU Robocon – 2021» екінші республикалық чемпионаты өтеді.

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,**
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!

ҚАБЫЛДАУ

## БАСТЫ БАҒДАР – ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

**Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Қырғызстанның Алматыдағы Бас консулы Назаралы Әріповты қабылдады. Бұл туралы әкім өзінің Twitter парақшасында жазды.**

*«Қырғызстанның Алматыдағы Бас консулы Назаралы Әріповты қабылдадым. Ынтымақтастықты жандандыру, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынасты кеңейту, Алматы мен Қырғыз өңірлерінің туристік әлеуетін дамыту мәселелерін талқыладық», –* деп жазды Б.Сағынтаев.

***

**Шаһар басшысы Тәжікстанның Алматыдағы Бас консулы Равшан Бобохонзоданы қабылдады. Бұл туралы әкім өзінің Twitter-дегі парақшасында жазды.**

*«Тәжікстанның Алматыдағы Бас консулы Равшан Бобохонзоданы қабылдадым. Мегаполистің тәжік өңірлерімен сауда, инвестиция, туризм мен білім беру салаларындағы ынтымақтастықты дамытудың, екіжақты қарым-қатынасты тереңдетудің перспективалық бағыттары талқыланды», –* деп жазды Б.Сағынтаев.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**





# ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

## Бақытжан Сағынтаев автокөлік инфрақұрылымы жұмыстарының қарқынын тексерді

*(Басы 1-бетте)*

Жолайрық Рысқұлов даңғылы бойынша көлік өткізу қабілетін тәулігіне 80 мың автомобильге дейін, Емцов көшесі бойынша – 40 мыңға дейін арттырады.

Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімі Момышұлы көшесінен Наурызбай ауданының әкімшілік орталығына дейінгі ұзындығы 3,5 шақырым учаскенің құрылысы аяқталып қалған Абай даңғылын ұзартудың барысымен танысты. Әр бағытта қозғалыс үшін 3 жолақ қарастырылған. Әшімов көшесінің үстінен 400 метрлік эстакада салу жалғасуда. Бұл учаскедегі қозғалыс уақытша сызба бойынша ұйымдастырылады.

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев сондай-ақ, аралық тоннельдерден және «Сарыарқа» және «Б.Момышұлы» станцияларынан тұратын метрополитеннің екінші іске қосу кешені объектілерінің құрылыс барысымен танысты. Мұнда әрлеу жұмыстары аяқталып, жабдықтар орнатылуда және электромонтаж жұмыстары жүргізілуде.

Бұлардан өзге, мегаполис әкімі Жандосов көшесіндегі БРТ желісі бойынша көше-жол желісін реконструкциялау жұмыстарының ауқымын бағалады. Сүлейменов көшесінен Үлкен Алматы өзеніне дейінгі учаскенің ұзындығы 1 шақырым. Осылайша Мұстафин – Сүлейменов – Жандосов – Тимирязев көшелерімен Желтоқсан көшесіне дейін ұзындығы 8,7 шақырым БРТ желісінің бірінші учаскесінің құрылысы аяқталады.

Жұмыс сапары кезінде Б.Сағынтаев «Қалқаман-2» шағынауданындағы 1800 орынды мектеп құрылысының барысын бақылады. Құрылысты аяқтау 2021 жылдың соңына жоспарланған.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



**«Жаңа Алматы» кешенді даму жоспары аясында**
**428 жоба**
**жүзеге асырылуда.**



**Алматылықтарға 151 бағыт бойынша**
**2400-ден астам**
**қоғамдық көлік қызмет көрсетеді.**



**Мегаполисте көктемде**
**64 мың,**
**күзде 33 мың**
**жас ағаш отырғызылды.**



**Шаһарда тұрғын үйді басқарудың жаңа форматы бойынша**
**623 – МИБ,**
**2185 – ЖС**
**құрылған.**



**Жыл басынан бері**
**132 000-нан астам**
**алматылық әлеуметтік қолдауға ие болды.**

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# «ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ»

## Мегаполисте Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығына орай осы тақырыпта «дөңгелек үстел» өтті

**Шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Алматы қаласы мәслихатының хатшысы мен депутаттары, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, республикалық және қалалық желтоқсан ұйымдарының басшылары, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссия мүшелері, Желтоқсан оқиғасының белсенділері, сондай-ақ Жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.**




**Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың желтоқсандықтарға арнаған хатын оқып берді. Алдағы уақытта Президенттің бұл Құттықтау хаты Алматы музейінің «Желтоқсан» залындағы экспозицияны толықтыратын болады. «Біздің халқымыз бостандыққа жету үшін қиындықтарға тап болды, ата-бабаларымыз армандаған бостандық үшін жанқиярлықпен күресті. Осыған байланысты ұлт санасын дүр сілкіндірген және қоғамды итермелеген Желтоқсан оқиғасының ерекше маңызы бар екенін атап өткен жөн. Қасиетті Тәуелсіздік пен қайғылы Желтоқсан – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Біз 1986 жылдың қатал күндерінен тура бес жыл өткен соң бостандыққа қол жеткіздік», – делінген хатта.

Іс-шара барысында атқарылған жұмыстардың қорытындылары шығарылып, одан әрі бірлескен қызметтің бағыттары белгіленді.

Ержан Бабақұмаров жыл басынан бері Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған кешенді іс-шаралар жоспары жүзеге асырылып жатқанын айтты. Бүгінде Алматыда «Желтоқсан» көшесі бар, көше мен Республика алаңының қиылысында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының бастамасы бойынша азат етудің символына айналған «Тәуелсіздік таңы» монументі орналасқан. Алматы қаласының көшелеріне Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев сынды батырлардың есімдері берілді. Бұдан басқа, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың бастамасы бойынша «Желтоқсан–86» саябағы ашылды, ол таяудағы жылдары қаламыздың ең әдемі саябақтарының біріне айналады. Паркті дамытудың 2026 жылға арналған жоспары бекітілді. 17 желтоқсанда Желтоқсан оқиғасына қатысушылар мен қала әкімдігі «Желтоқсан–86» саябағында болашақ ескерткіштің алғашқы іргетасын қалайды. Сонымен қатар, ҚР Тәуелсіздік күніне орай қалада Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған іс-шаралар өтеді. Сондай-ақ, Алматыда Желтоқсан оқиғасына қатысушылар қалалық көлікте тегін жүруге, профилактикалық медициналық скринингке құқылы. Қолдау шаралары ретінде жыл сайын ақшалай жәрдемақы төленеді, мұқтаж адамдарға шипажайларға жолдамалар беріліп жатқанын атап өтті.

«Дөңгелек үстелде» сөз алғандардың ішінде Желтоқсан оқиғасының белсенділері де бар. «Біз жыл сайын сол оқиғаларды еске аламыз, шындықты айтамыз, осы арқылы біз сол уақыттың маңыздылығын халық жадында сақтағымыз келеді. 35 жыл ішінде көп нәрсе жасалды. Алматы – еліміз Тәуелсіздігінің бесігі. Дәл осы жерде ең белсенді қатысушылардан тұратын алғашқы Желтоқсан ұйымы құрылды. Алғашқы он жылда біз қала әкімдігімен бірге Желтоқсан оқиғаларының проблемалары бойынша жұмыс ұйымдастырдық. Мысалы, барлық желтоқсандықтар ақталды. Осы жылдар ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бізді қолдап, Желтоқсан оқиғаларының тарихын ашуға шақырды. Тәуелсіздікті сақтау үшін жас ұрпақтың санасында олардың ата-аналары, ата-әжелері әділетсіздікке қарсы шықты деген ойды нығайту өте маңызды», – деді Желтоқсан оқиғасына қатысушы Шора Қарабаев.

Алқалы жиынға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Беккали Торғаев пен Бақытбек Смағұл, Алматы қаласы Ардагерлер ұйымының төрағасы А.Бижанов, Қоғамдық кеңестің төрағасы Р.Алшанов, жазушы, «Алматы 1986 Желтоқсан» көптомдық басылымын шығарушы Т.Айтбайұлы, «Қайсар жүрек» ҚБ төрайымы Ш.Ергебаева, профессор, т.ғ.д., ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Х.Әбжанов, «Желтоқсан қоғамы» ҚБ төрағасы Н.Қуанбаев, сондай-ақ Jas Otan Жастар ісі жөніндегі қалалық кеңестің мүшесі Н.Беккайыров пен А.Сариева қатысты. Кездесу қорытындысы бойынша көтерілген мәселелер мен айтылған ұсыныстарды қала әкімдігі тиісті ұйымдармен бірлесіп егжей-тегжейлі қарайтын болады.

ҚОҒАМ

# АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ

## билік пен қоғам арасындағы диалогтың маңыздылығын дәлелдеді

Динара МҰРАТ



*(Басы 1-бетте)*

«Азаматтық қоғам құру біз үшін негізгі басымдықтың бірі. Елбасының бастамасымен 2003 жылдан бері тұрақты өткізіліп келе жатқан форум осының айқын дәлелі. Диалогтың осы үлгісі көптеген мәселені талқылап ұсыныс әзірлейтін тиімді пікірталас алаңына айналды. Форум Азаматтық бастамаларды қолдау үшін жүйелі шаралар қабылдауға септігін тигізуде. Сондай-ақ, стратегиялық және заңнамалық құжаттар дайындауға ықпал етуде. Былтыр менің Жарлығыммен «Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы» бекітілді. Бұл құжат билік органдары мен қоғамдық ұйымдардың серіктестігін күшейтуді көздейді. Оған қоса тұрғындардың елдік істерге еркін араласуына мүмкіндік береді», – делінген Президенттің құттықтау хатында.

Форумның пленарлық отырысында ауылдағы азаматтық бастамаларды дамыту, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықаралық ынтымақтастық, азаматтық қоғам, экология және инклюзия мәселелері қаралды.

Азаматтық форум барысында ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – символикалық белес және жүріп өткен жолға есеп беріп, дамудың жаңа мақсаттарын белгілеуге жақсы себеп екенін айтты.

«Елдегі әрбір айтулы оқиға, Семей ядролық полигонының жабылуынан Ата Заңымыздың қабылданғанына дейін үкіметтік емес сектордың атсалысуымен ұласты. Мемлекет 1996 жылы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заң қабылдады және сол арқылы азаматтық институттардың қызметін толыққанды бейінді етуді қамтамасыз етті. Олардың құрамына халықтың әртүрлі топтары тартылды», – деді Дәурен Абаев.

Спикердің айтуынша, осы жылдар ішінде үкіметтік емес ұйымдардың саны 14 есеге өсіп, бүгінде 22 мыңнан асты, ал азаматтық бастамаларды мемлекет тарапынан қаржыландырудың жалпы сомасы 140 млрд. теңгеден асты. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, ҮЕҰ-ға гранттар мен сыйақылар беру сияқты тетіктер енгізілді. Үшінші секторды дамытуда Қазақстанда қоғамдық келісім, диалог пен әлеуметтік серіктестік идеясының сенімді құралына айналған азаматтық форумның құрылуы ерекше рөл атқарды.

Шара барысында Дәурен Абаев пандемияның жаһандық деңгейде еліміздің жалпыхалықтық азаматтық белсенділігінің дамып, өсуіне ықпал еткенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, ол еліміздегі азаматтық белсенділікті күшейтуге қатысты осы жылдар ішінде жүргізілген ауқымды жұмыстарға тоқталды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сәйкес өмір сүру ұзақтығы бойынша 88-орында тұр. Осы орайда, Д.Абаев салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жұмыс істейтін ҮЕҰ-ды қолдауға жеке көңіл бөлу қажет екендігіне де баса назар аударды. «Әңгіме тек дене шынықтыру мен спорт туралы ғана емес, сонымен қатар экология, дұрыс тамақтану, азаматтардың психикалық денсаулығын қолдау туралы болып отыр. Мұндай жұмыстардың мысалын аймақтардағы белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарынан келтіруге болады. Сайып келгенде, біз азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартып, жаһандық 80+ клубына қосылуымыз керек», – деді ол.

Азаматтық форумның пленарлық отырысының қорытынды бөлімінде азаматтық қоғамның қазіргі жағдайы, жетістіктері мен одан әрі даму перспективалары туралы Қазақстанның Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева баяндап берді.

Пленарлық отырыстан кейін дәстүрлі «ҮЕҰ-ға арналған сыйлық» салтанатты түрде табыс етілді. Сонымен қатар, алғаш рет 15 номинация бойынша 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар ҮЕҰ арасында «Таңдау» сыйлығы табысталды. Байқаудың негізгі идеясы – 10 жылдан астам тәжірибесі бар қазақстандық ҮЕҰ қызметінің жетістіктерін әлеуметтік және қоғамдық өмірге, Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту мен азаматтық қоғамды қалыптастыруда қосқан үлестерін көпшілікке жария ету. Байқау жеңімпаздарының тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Естеріңізге сала кетейік, мерейтойлық X Азаматтық форум Астанада 22–24 қарашада онлайн-форматта басталып, Алматыда 2021 жылғы 26 қарашада офлайн-форматта аяқталды.

Форум аясында 30-дан астам пікірталас алаңдары, сараптамалық талқылаулар, фасилитациялық және панельдік сессиялар ұйымдастырылды.

X Азаматтық форумда Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында бүгінгі күннің ең өзекті тақырыптары талқыланды. Форум азаматтық қоғамның 100-ден астам жетекші өкілдері қатысқан гибридті іс-шаралар арқылы 20000-ға жуық адамды қамтыды.

ҚАР ТАЗАЛАУ

# ТӘУЛІК БОЙЫ КЕЗЕКШІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



**Кеше Алматының таулы және тау бөктеріндегі жерлерінде таңертеңнен бастап қар аралас жаңбыр жауа бастады. Сағат 6.40-та қаланың орталық бөлігіне қар түсті. Таңғы сағат 8.00-дегі жағдай бойынша тау бөктеріндегі аудандарда 6 см.-ге дейін, таулы аудандарда 10 см.-ге дейін қар жауды.**

Көктайғақтың алдын алу мақсатында қаланың жоғары бөлігінде қар жауа салысымен жолдарға көктайғаққа қарсы материалдар себіліп және қар сыпыру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысқа 120 тонна көктайғаққа қарсы материалдар пайдаланылды.

Тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, қоғамдық көлік аялдамаларын, «қалталарды» тазалау бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.

Техниканың түнгі уақытта шығуы 496 бірлікті құрады, оның ішінде 193 құмшашқыш және 337 жол жұмысшысы бар.

Таңертең 583 бірлік арнайы техника, оның ішінде 202 құм шашқыш және 1504 жол жұмысшысы жұмылдырылды.

Аудан әкімдіктері мен қала әкімдігінде қар тазалау жұмыстарының өндірісін бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

ҚОЛДАУ

# Әлеуметтік ет дүкендері ашылды

Алматының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, мегаполисте бірнеше базарда әлеуметтік ет дүкендері ашылды. Бүгінде көкөніс әлеуметтік дүкендерінің үлгісі бойынша «Жұлдыз» (көтерме сауда) және «Орбита» базарындағы «Ет дүкендері» іске қосылды. Онда ет (кеудежауырын бөлігі) келісі 2050 теңгеден сатылып жатыр. Алматы әкімдігі бұл орташа нарықтық бағадан 15%-ға төмен (ДС – 2396 тг/кг) екенін айтып отыр. Қамтуды ұлғайту үшін «Түрксіб жәрмеңкесі» және «Арыстан» базарларында ұқсас дүкендер ашу жоспарланған. Қазіргі уақытта әкімдік әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының барлық 19 атауына, оның ішінде сиыр етіне (жауырын-төс бөлігі) бағаны тұрақтандыру бойынша бірқатар кешенді және жедел шаралар қабылдауда. Осылайша берілген айналым қаражаты шеңберінде «Магнум» сауда желісінің сөрелерінде, сондай-ақ «Asyl Meat» ЖШС өндірушісінің 6 фирмалық дүкендерінде 2050 тг/кг баға бойынша сиыр етінің бағалары белгіленеді.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**



МЕРЕЙ

# Азамат Амантайұлы – әлем чемпионы!





Айжан БҮРКІТБАЕВА

**Редакциямызға «Аттан, Қазақстан» қозғалысының жетекшісі Амантай қажы Асылбек «жұмаларың мүбәрак болсын» айтып, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен құттықтай келді. Аттандаған ақсақал әулетіндегі үлкен қуанышын «Almaty aqshamy» ұжымымен бөлiсксі келгенін айтады. Қажының кіші ұлы Азамат Амантайұлы Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Абу-Дабиде джиу-джитсудан өткен турнирде әлем азуларын тізе бүктірген.**

Жапондық, украиндық, америкалық қарсыластарын шаң қаптырған спортшы джиу-джитсудан 95 келіге дейінгі салмақта әлем чемпионы атанды. Ол бұған дейін таэквандодан ауыр салмақта Қазақстанның екі дүркін жеңімпазы болған. Джиу-джитсудан Қазақстан атын әлемге әйгілеп жүрген Азамат Амантайұлының кезекті жеңісіне орай, жеңімпаздың әкесі – Амантай қажыны белгілі ақын Олжас Сүлейменов құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Академик Зейнолла Қабдоловтың «Амантай – бірде үрей, бірде – мерей» деп айтқанындай, газетімізге қуанышын үстемелеуге келген Амантай қажы да қуанышына ортақ барша жұртқа ризашылығын білдірді.

– Рәтбек қажының «Амантай – қазақтың Омар Халифі» деген сөзі бар. «Қазақстан жасасын!», «Еліміз мәңгі ел болсын!» деген ұранды әу бастан-ақ көтеріп келемін. Полигон жабылардан 100 күн бұрын осы жаңалықты хабарлаған болатынмын. Бұл оқиғаның Тәуелсіздік тарихында алар орны ерекше. Алланың бұйрығымен елімізде Тәуелсіздіктің туы көкке көтеріліп, Семей полигоны жабылып, еліміз өркендеп келеді, – деді А.Хантемірұлы.

4 ұл, 12 немере, 3 шөбере өсіріп отырған ақсақал жақында тағы да «баба» атанғанын айтты. Ол басты тілегім қазақтың қыздарының бәрі «ана» атанып, бала сүйсе екен дейді.

БРИФИНГ

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

# ШАҺАРДЫҢ ДАМУЫ – ЕЛ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

**Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Алматы қаласының дамуына қатысты ағымдағы өзекті сауалдар бойынша» баспасөз конференциясы өтті.**

**Брифингке Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайынов, Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин, Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Абдулдаев қатысты.**








## 3000-нан астам көппәтерлі тұрғын үй басқарудың жаңа формасына көшті

Алматыда ПИК-тің МИБ-ке ауысуы белсенді қарқынмен жүруде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында қала әкімінің орынбасары Серік Құсайынов хабарлады. Оның айтуынша, егер бұрын мегаполис тұрғындары әдеттегі ПИК-тен бас тартуға асықпаса, қазір үйлерді басқару нысанын жаппай өзгертіп жатыр.

Алматыда 8645 көппәтерлі тұрғын үй бар, оларға әзірге 820 басқару органдары (ПИК, ТК, ПИТК және т.б.) қызмет көрсетеді. Алайда, 2022 жылдың шілдесіне дейін барлығы МИБ немесе ЖС-ға көшу туралы шешім қабылдаулары тиіс. Ол үшін Алматыда әкімдіктердің қызметкерлерінен тұратын сегіз мобильді топ құрылып, олар тұрғындармен жиналыс өткізіп, ақпараттандырады. Жыл басынан бері 2500 көпқабатты үйдің тұрғындарымен 800 жиналыс өтті.

– Бүгінде мүлік иелерінің 623 бірлестігі (МИБ) тіркеліп, 2185 жай серіктестік (ЖС) таңдалды. Алматы қаласы бойынша барлығы 3001 көпқабатты үйді қамтитын басқарудың 2808 жаңа нысаны тіркелген, бұл 40%-ды құрайды, – деп хабарлады С.Құсайынов.

Айта кетерлігі, МИБ және ЖС-ке көшкен пәтер иелері үйге қызмет көрсетудің қандай тарифін, тұрғын емес үй-жайларды қалай пайдалану керектігін және т.б. таңдай алады.

## Қардан тазарту жұмыстары 20 минут сайын жүргізіледі



Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Серік Құсайынов айтты. Спикердің айтуынша, көшелерді тазалау жөніндегі бюджеттік бағдарламаның әкімшілері Алматы қаласының аудандық әкімдіктері болып табылады. Олар конкурстық негізде көше-жол желісін күтіп ұстау жөніндегі мердігерлерді анықтайды. Сондай-ақ, көшелерді күтіп ұстауға бақылау жасайды.

– Әрбір көшеге бюджет қаражатын бөлу оның санатына, яғни тротуарлар, арық желілері, жол жиегі, аялдамалар маңайына қарай жүргізіледі. Мысалы, магистральдық көшелер күніне екі рет тазаланады. Жолдардың жүру бөлігін көктайғаққа қарсы материалдар себу қар жауған соң 20–40 минуттан кейін жүзеге асырылады. Өйткені, көктайғаққа қарсы материалдың сіңуі үшін жеткілікті қар қалыңдығы қажет, – деді С.Құсайынов.

Қарды сыпыру аудан әкімдіктері бекіткен кесте бойынша, бірінші кезекте негізгі көшелерден асфальтқа жабыспайтын борпылдақ қар массасы пайда болғаннан кейін жүргізіледі. Көктайғаққа қарсы себу әрбір 5 см. жаңадан жауған қардан кейін жүргізіледі, содан кейін қайтадан қар күрейді, содан кейін ол шығарылады.

– Аталған технология сақталмаған жағдайда көшелерде мұз пайда болады. Сондықтан көктайғақтың пайда болуына жол бермеу мақсатында қардың көктайғаққа қарсы материалдармен араласуын және асфальтқа жабыспайтын, жол жиегінен оңай алынатын жұмсақ қар массасының пайда болуын күту қажет, – деп түсіндірді С.Құсайынов.

### КЕРЕК ДЕРЕК

- **Бүгінде шаһарда 623 МИБ, 2185 ЖС құрылған.**
- **Алматыда 515-і газбен және 1715 дизельмен жүретін автобус бар.**

## Алматыда 2400-ден астам қоғамдық көлік бар




Қала әкімінің орынбасары Серік Құсайыновтың айтуынша, Алматыда бағыттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін заңнамаға сәйкес тасымалдаушылар субсидияланады.

Қазіргі кезде Алматы қаласында 151 қалалық бағытқа қызмет көрсету бойынша 21 тасымалдаушы жұмыс істейді.

Бағыттар бойынша жүретін автобустардың саны 2441 жылжымалы бірлікті құрайды. Оның ішінде 515 газ автобусы, 196 троллейбус, 15 электр автобусы және дизельдегі 1715 автобус бар.

Алматы әкімінің орынбасары 2021 және 2022 жылдары «Алматыэлектротранс» ЖШС коммуналдық автобус паркі 300 газбен жүретін автобус сатып алуды жоспарлап отырғанын атап өтті.

Бұдан өзге, жеке инвестор 2022 жылы қалалық бағыттарға қызмет көрсететін 200-ге дейін газ автобустарын сатып алу, көлік санын 2025 жылға дейін 500 жылжымалы бірлікке дейін ұлғайту, жаңа автобус паркін салу мәселесін қарастыруда. Бұл жұмыс жүйелі негізде жүргізілуде.

Сондай-ақ, 2022 жылы Алатау ауданындағы Индустриалды аймақта автобус паркін салу жоспарлануда.

Спикер қазіргі кезде Алматының Наурызбай ауданы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Онда көптеген тұрғын үй кешендері бар, аудан тұрғындарына қурамында 121 жылжымалы көлік бірлігі бар №14, 15, 26, 27, 104а, 118 және 137 бағыттар бойынша қызмет көрсетілуде. Абай даңғылын үңгілеу жұмыстары аяқталғаннан кейін ауданда жаңа бағыттар ұйымдастырылады, олар көлік жүйесінің жүктемесін азайтуға және қолданыстағы қалалық бағыттардың бір бөлігін жеңілдетуге көмектеседі.

БРИФИНГ

# ТАЛҒАРҒА LRT-мен БАРАМЫЗ

**Мегаполиске жаңа троллейбустар сатып алу және Талғарға дейін LRT салу жоспарлануда.**

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайынов онлайн брифингте троллейбус паркін модернизациялау және 2022 жылы мегаполистен Талғарға дейін жеңіл рельсті көлік салу жобасын іске қосу туралы айтты. Сондай-ақ, алматылықтар арасында троллейбустар үлкен сұранысқа ие екенін атап өтті. Көліктің бұл түрі қалаға қажет, бірақ жаңарған нұсқада болуы керек. «Алматыэлектротранс» паркін жаңарту туралы уәде орындалады.

Әкім орынбасарының айтуынша, соңғы рет Алматы үшін троллейбустар 2012 жылы сатып алынған. Қазіргі уақытта қала бойынша 215 бірлік жұмыс істейді, оның ішінде 34 троллейбусты есептен шығару жоспарлануда.

– Бүгінде троллейбус паркі 165 техника бірлігі шығатын тоғыз бағытқа қызмет көрсетеді. Ай сайын жолаушылар ағыны шамамен 2,5 млн. адамды құрайды, – деді спикер. Ол сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдардың АЭТ өтейтін банк қарызы есебінен 190 жаңа троллейбус сатып алу мүмкіндігін қарастыратынын айтты.

Одан бөлек, троллейбустардың үздіксіз жұмыс істеуі үшін троллейбустардың жүру жолында 41 шақырымнан астам қолданыстағы кабельдер ауыстырылды. Сондай-ақ, 600-ден астам жаңа тіректер орнатылып, 172 шақырым байланыс желісі қайта жаңартылды.




Биыл тамыз айында Сейфуллин көшесіндегі І-вокзалдан Райымбек даңғылына дейінгі троллейбустардың байланыс желілері ауыстырылды. Бүгінде осы учаскеде байланыс желілері үшін кронштейндерді орнату жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Әуезов көшесі бойымен Гоголь көшесінен Тимирязев көшесіне дейінгі байланыс желілерін ауыстыру жұмыстары басталды. Жобаның аяқталу мерзімі – 2022 жыл. Сондай-ақ, С.Құсайынов 2022 жылы жоғарғы Талғар тасжолында LRT құрылысының басталатыны туралы айтып берді. Ол тиісті келіссөздер жүргізіп жатқан әлеуетті инвестор барын хабарлады.

– Қазір инвесторлармен келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Алдын ала ойластырған бағыт бойынша LRT Төле би көшесі бойына түседі. Өздеріңіз білесіздер, кеңес кезінде бұл көшеде трамвай желісі болған еді. Енді батыстан шығысқа қарай жолаушылар ағынын бір ретке келтіріп, оны пайдалануға дайынбыз. Ол Момышұлы көшесімен ғана емес, Алатау ауданының орталығына дейін түсуі керек. Теміржолдардың негізгі бөлігі Алматы облысының аумағы арқылы өтетіндіктен, келіссөздер процесіне жауапты тұлғаларды Алматы облысы әкімдігінен де тарту туралы шешім қабылданды. Жоба өте ауқымды, көптеген мәселелерді пысықтау қажет, – деді қала әкімінің орынбасары.

Қазір әлеуетті инвестор жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді бастап кетті. Техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес, жобаның инвестициялық құны: инфрақұрылым – 56 907 млн. теңге (депо құрылысын қоса есептегенде), жылжымалы құрам – 36 512 млн. теңге. Барлығы 94 203 млн. теңге. Айта кетейік, жеңіл рельсті көлік құрылысы көптен бері талқыланып келеді, ол мегаполисті дамытудың Бас жоспарында бар.

ЭКОМОНИТОРИНГ

# АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ БАҚЫЛАУ:

## Алматы көш бастап тұр

***Алматыда келесі жылдан бастап үш жылжымалы экологиялық бекет пен бір зертхана жұмыс істейді. Сондай-ақ, 2025 жылға дейінгі Дендрологиялық жоспар әзірленіп, дайын тұр. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайынов онлайн-брифинг кезінде айтты.***

Алматы атмосфералық ауа мониторингі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады. Мегаполисте ауадағы зиянды заттарды өлшеуге арналған арнайы жабдықпен жабдықталған 15 эко-бекет орнатылған. Биылғы жылдың соңына дейін осындай тағы төрт бекет орнату жоспарлануда. Қала әкімінің орынбасары Серік Құсайынов онлайн-брифинг кезінде экологиялық жағдайды жақсарту үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтып берді.

Көп компонентті газ анализаторларының көмегімен экологиялық бекеттерде көмірсутектер, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот оксиді, оттегі мөлшеріне бензин мен газ автомобильдерінің пайдаланылған газдары өлшенеді. Дизель машиналары пайдаланылған газдың түтінін тексереді. Сондай-ақ, бекеттер бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

С.Құсайыновтың мәліметінше, биылғы жылдың 20 наурызынан бастап эко-бекеттері 132 494 өлшеу жүргізіліп, 109 547 бензин және газ двигателі, 22 453 дизель двигателі тексерілген. Тексеру барысында 20 085 көлік құралындағы улы түтіннің нормадан асып кеткені анықталды.

Эко-бекеттердің арқасында 15 331 автокөлік иесі жауапкершілікке тартылып, оларға хаттамалар толтырылған. Тәртіп бұзушылар көбінесе «Талғар», «Думан» және «Есіл» эко-бекеттері орнатылған Талғар және Қарасай аудандарының тұрғындары.



КЕРЕК ДЕРЕК

- **Биылғы жылдың соңына дейін осындай тағы төрт бекет орнату жоспарлануда.**
- **Көктемде 64 мың көшет егілсе, күзде қала аумағына 33 мың жас ағаш отырғызылды.**

Бұдан өзге, қала ішінде көліктерді тексеру жүргізілуде. Нәтижесінде автомобильдердің экологиялық нормаларға сәйкессіздігі анықталады. Күн сайын кезекшілікке Алматы қаласы Полиция департаментінің 11 экипажы мен Жасыл экономика басқармасының қызметкерлері шығады. Мониторингтің нәтижесінде 2237 автокөлік тексерілсе, оның 1125-і дизель отынында, 1112-сі бензин пайдаланған. 519 автокөлік пайдаланған газ мөлшері нормадан асып кеткені анықталды. Сондай-ақ, мобильді топтар құрылыс алаңдарында жүк көліктерін де тексереді, онда эко-нормаларға 218 сәйкессіздік анықталды.

Бұл жұмыс бүгін де жалғасуда. Ондаған полиция қызметкері мен әкімдік өкілдері газдану деңгейін тексеруді жалғастыруда. Ал келесі жылдан бастап Алматыда үш жылжымалы экологиялық бекет пен бір зертхана жұмыс істейтін болды.

Экологиялық бекетпен қатар қала әкімінің орынбасары биыл мегаполисте қанша жасыл желек отырғызылғанына да тоқталды. Яғни көктемде 64 мың көшет егілсе, күзде 33 мың жас ағаш отырғызылған.

– Барлық тілек білдірушілер көппәтерлі үйлердің аулаларын және басқа да жалпы пайдалану орындарын көгалдандыра алады. Жасыл экономика басқармасы отырғызу үшін жапырақты ағаштардың көшеттерін тегін таратады. Осы күзде 1500-ге жуық ағаш көшеті таратылды, – деді С.Құсайынов.

Акцияның шарттары бойынша оған қатысушылар екі жыл бойы отырғызылған ағаштарды күту туралы кепілдік міндеттемеге қол қойып, жоспарланған отырғызу орнын, көшеттер санын және олардың тұқымдық құрамын көрсетуі тиіс. Көшеттерді тарату аудан әкімдіктері арқылы жүзеге асырылады. Отырғызғаннан кейін фотоесеп жіберу міндетті.

15 қарашадағы жағдай бойынша 33 193 көшет, оның ішінде 22 931 ағаш және 10 262 ағаш бұтасы отырғызылған.

**Алматы қаласы әкімінің орынбасары 2025 жылға дейінгі Дендрологиялық жоспардың әзірленгенін де еске салды. Жергілікті органдардың жоспарында мегаполистің бір тұрғынына кемінде 10 $м^2$ жалпы пайдалану орындарын жасыл екпелермен қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі кезде бұл көрсеткіш шамамен 7$м^2$ құрайды.**

Ол қалада отырғызылған ағаштардың ассортименті климат пен топырақ құрамына байланысты ғылыми қауымдастықпен, ландшафт сарапшыларымен бірге таңдалатынын атап өтті. Сондай-ақ, әкімдіктің мақсаты қаланың әрбір ауданын біркелкі көгалдандырумен қамтамасыз ету. Алматыда жасыл желектерді суару үшін жаңа скважиналар салынып, арық желісі түгенделіп, суару жұмыстары күшейтілді. Зиянкестерге және зең ауруларына қарсы төрт рет биологиялық өңдеу жолымен ағаштарды сауықтыру және емдеу бойынша профилактикалық жұмыстар қатар жүргізіледі.

Биыл көктемде Jasyl Almaty бағдарламасы аясында өтемдік міндеттемелер есебінен 64 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Оның ішінде тұрғындардың қатысуымен аула ішіндегі аумақтар көгалдандырылды.

**Бетті дайындаған Әсел ДАҒЖАН.**

БРИФИНГ

# Алматыда жаңа жыл корпоративтері өте ме?

**Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәдуақас Байғабылов мегаполисте жаңажылдық корпоративтерді өткізуге рұқсат етіле ме деген сұраққа жауап берді.**



С.Байғабыловтың айтуынша, қазіргі уақытта қолданыстағы карантиндік талаптарда бизнес субъектілері үшін Алматыда Ashyq жобасына қатысушы нысандарда жаңажылдық корпоративтік кештерді өткізуге тыйым салынбайды, бірақ аздаған шектеулер болады.

Жаңажылдық шараны алаңсыз тойлау үшін келушілер мен мекеме қызметкерлері және іс-шараны ұйымдастырушылар арасында «жасыл» мәртебенің болуы шарт. Сондай-ақ, Алматыдағы мерекелік кештер өтетін орындардың толымдылығына шектеу қойылған. Айталық, жасыл аймақтағы мекемелердің толымдылығы 50%-ға дейін рұқсат етіледі, яғни 100 орыннан аспауы керек. Сары түсте – 50%-ға дейін, 70 орыннан артық емес және қызыл түсте – 50%-ға дейін, 50 орыннан артық емес.

«*Алматының «жасыл» аймақта тұрақталуы, ең алдымен, мегаполис тұрғындарына байланысты. Ол үшін COVID-19-ға қарсы белсенді вакцина алу, бетперде режимін және қашықтықты сақтау маңызды*», – деді Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары.

Коронавирустық инфекция бойынша жағдай нашарлаған жағдайда қалада Ashyq объектілерінің жұмыс режимі бойынша карантиндік шаралар, оның ішінде жаңажылдық корпоративтерді және басқа да іс-шараларды өткізуге тыйым салу күшейтілетін болады.

Бұған дейін Қаланың бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин жаңажылдық іс-шараларды өткізуге жол берілмейтіні туралы айтқан болатын.

«*Қазір жағдай күрделі екенін көріп отырмыз. Біздің болжамымыз бойынша, желтоқсан айында күн сайын коронавирустың 200-ге жуық жағдайы тіркеледі, пессимистік болжам бойынша – 350. Мұндай жағдайда ұжымдық іс-шаралар өткізілмейді*» – деген еді Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері.

Өз кезегінде жағдайды Қазақстанның Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой түсіндірді.

«*Әрбір өңірге байланысты қоғамдық тамақтандыру ұйымдарында немесе концерттерде болатын адамдардың саны бойынша белгілі бір талаптар белгіленетін болады. Өңірдің бас санитарлық дәрігері орындар мен аймақтар санына қарай градацияны анықтайды*», – деді министр.

Оның айтуынша, Қазақстан ТМД елдері арасында вакциналаудан бірінші орынға шықты. Сондықтан қазіргі жағдайды болдырмау және ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін халықты мүмкіндігінше тезірек вакциналау маңызды.

ҚОЛДАУ

# Дәрігерлердің жалақысы өседі

**2022 жылы дәрігерлердің жалақысын көтеруге 361 млрд. теңге қаржы бөлінеді. Бұл жайында ҚР Премьер–министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың Мәжіліс депутаттары сауалына берген жауабында айтылды.**

Вице-премьер жауабына анықтама ретінде ұсынылған деректерге сәйкес, 2021 жылдың 1 қаңтарынан денсаулық сақтау саласында 247 мың медицина қызметкерінің жалақысы артты. Атап айтқанда, дәрігерлердің жалақысы 30 пайызға (246,1 мыңнан 319,9 мың теңгеге) орта медицина қызметкерлерінің жалақысы 20 пайызға (144,6 мыңнан 173,5 мың теңгеге) ұлғайды.

«*2023 жылға қарай медицина қызметкерлерінің жалақысын экономикадағы орташа жалақыға қатысты 2,5 есеге дейін арттыру жоспарланған*», – деді ол.



«*Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған Жолдауын жүзеге асыру аясында 2020–2025 жылдары медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен көтеру жоспарланған*», – делінген Үкімет басшысы орынбасарының жауабында.

Анықтамалық деректерге қарағанда, бұл мақсатқа 2021 жылға – 222,3 млрд. теңге, 2022 жылға – 361,7 млрд. теңге, 2023 жылы 557,4 млрд. теңге көзделген.

#ЕКПЕАЛ!

# Жасөспірімдер мен жүкті әйелдерді вакциналау – қажеттілік

**Алматыдағы №22 емхана бас дәрігерінің орынбасары Ақерке Жомарт Өңірлік коммуникациялар қызметіне «дельта» жасөспірімдер мен жүкті әйелдер үшін аса қауіпті нұсқасы екенін, сондықтан оларға бірінші кезекте екпе жасау керектігін айтты.**



Алматыда Pfizer (Comirnaty) вакцинасымен егу науқаны жалғасуда. Бүгінде 7300-ден астам жасөспірім, 700-ге жуық жүкті әйел және 2400 бала емізетін ана коронавирусқа қарсы егілді. А.Жомарттың айтуынша, жасөспірімдер өз туыстарын, мұғалімдерін жұқтыруы мүмкін, коронавирус өлімге әкелуі мүмкін.

«*Вакциналаудан болатын асқыну қаупі олар қорғайтын аурулардан кейінгі асқыну қаупінен әлдеқайда аз. Сондықтан балаларын вакциналаудан бас тартқан ата-аналар оларды қорғаудан айырады, басқа білім алушыларға қауіп төндіреді, бұл инфекцияның одан әрі таралуына ықпал етеді*», – дейді дәрігер.

А.Жомарт Pfizer жариялаған зерттеулер вакцинаның екі дозасы 91% тиімді және қауіпсіз екенін көрсетеді. Егер олар коронавируспен ауырса да балаларға антиденелерді тексерудің қажеті жоқ. Аурудың нәтижесінде алынған иммунитет вакциналаудан кейін алынған иммунитетке қарағанда қысқа болады деп саналады.

Дәрігердің айтуынша, бүгінгі күні балалар, жүкті және бала емізетін әйелдер арасында вакциналардың нашар төзімділігі туралы ешқандай пікір жоқ. Оның мәліметінше, олардың емханасында 12 қарашадан бастап 139 жасөспірім, лактация кезінде 22 әйел және 25 жүкті әйел екпе алды.

А.Жомарт жүкті әйелдерді дәрігерлердің ұсыныстарына құлақ асып, жүктіліктің 16–37 аптасы аралығында егу пунктіне келуге шақырды. Вакцинаны алу әйелді де, оның болашақ баласын да қорғау үшін қажет. Дәрігер емізулі ананы вакциналау бала үшін қауіпті емес деп сендірді. COVID-19-ға қарсы вакциналанған аналардың емшек сүтінде баланы инфекциядан қорғауға көмектесетін антиденелер бар.

COVID–19

# Коронавирустың жаңа штамы анықталды

**Бүкіл әлемге қауіп төндірген қауіпті вирустың жаңа штамы пайда болды. Оңтүстік Африка республикасында коронавирустың 1.1.529 атауы бар жаңа мутациясы анықталды.**

«*Бұл нұсқа бұрынғыларға қарағанда әлдеқайда жұқпалы және вакциналардың оған әсері тиімсіз болуы әбден мүмкін*», – дейді оңтүстікафрикалық эпидемиолог, профессор Салим Карим.

Дүниежүзілік денсаулық ұйым сарапшылары жағдайды бағалау үшін Оңтүстік Африка республикасында осы елдің шенеуніктерімен кездеспек. Вирустың жаңа нұсқасы грек алфавитінің бір әрпімен («дельта» нұсқа сияқты) атау берілуі мүмкін. Жаңа штамм «Ню» деп аталуы жоққа шығарылмайды. Осыдан екі күн бұрын Ұлыбритания билігі Африканың бірнеше мемлекетінен (ОАР, Нимибия, Зимбабве, Боствана, Лесото және Эсватини) келушілер үшін міндетті карантин енгізді. Бұл мемлекеттерден Британияға әуе рейстеріне уақытша тыйым салынған. Әзірге Оңтүстік Африка республикасында, Гонконг және Боставанада жаңа нұсқаны жұқтырудың 59 оқиғасы расталды. Ол алғаш рет Претория ауданындағы бірнеше студенттен анықталған.

Соңғы деректер бойынша Оңтүстік Африкада табылған жаңа COVID-19 штамын жұқтырудың екі жағдайы Гонконгтағы карантиндік қонақүйде анықталды. Ауру жұқтырғандардың екеуі де Гонконгқа шет елден келгеннен кейін карантиннен өтетін Regal Airport қонақүйінде болған. Олар бесінші қабатта бір-біріне қарама-қарсы бөлмелерде тұрған. Бірінші науқас Гонконгқа Оңтүстік Африкадан 11 қарашада келіп, сол күні қонақүйге орналасқан. 13 қарашада одан алынған тест оң нәтиже көрсетіп, 14 қарашада ауруханаға жатқызылды.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

# Екпе алмаған адам – вирусты тасымалдаушы

**Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық бюросы өкілінің мәлімдеуінше, коронавирустың басты тасымалдаушылары – екпе алмаған адамдар.**

Ұйым өкілдері вакцина салуға құқығы бар адамдарды осы мүмкіндікті жіберіп алмауға шақырады. «*60 жастан асқан адамдар мен иммундық жүйесі әлсіз жандар үшін екпе алу өте маңызды*», – дейді мамандар.

Ғалымдардың айтуынша, профилактикалық шаралардың көпшілігі вирустың алдын алуға тиімсіз. Мәселен, бетперде тағу және бөлме ауасын тазарту маңызды болғанымен, бұл шараларды өзге әдістермен қатар қолданғанда, пайдасы еселене түседі.

Вирус жұқтыру қаупін төмендететін әдіс – әлеуметтік қашықтықты және гигиена ережелерін сақтау, ауырған адамдарды бақылау және оқшаулау. ДДСҰ мәліметіне сүйенсек, пандемия уақытында 258 млн. коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайы тіркелген. 5,1 млн. адам COVID-19 құрбаны болды. Вакцина – вирустан қорғанудың ең тиімді жолы.

**Бетті дайындаған**
**Айнұр СЕНБАЕВА.**

ТАУМАН АМАНДОСОВ – 100

# ТАУ ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

**Қазақ журналистикасының асқар шыңындай биік тұлғалардың бірі – Тауман Амандосов. Киелі қарашаңырақ ҚазҰУ–дың Журналистика факультетінде ұзақ жылдар ұстаздық еткен Тауман Салықбайұлының есімі әрқашан құрметпен аталады. Атына заты зай тау тұлғалы азамат Тауман аға 60–жылдардың ортасында журналистика өз алдына факультет болып бөлініп шыққандағы алғашқы декан Қайыржан Бекхожиннан кейінгі факультетті басқарған адам. Болмысы бекзат ұстаз, көрнекті ғалым Тауман Амандосовтың туғанына биыл 100 жыл толып отыр. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылы Тауман аға бақилық болды. Содан бері 30 жыл өтсе де, ел тарихында қолтаңбасы қалған тұлғаның бейнесі, ерен еңбегі ел есінде.**

**Айнұр СЕНБАЕВА**

Аяулы ұстаздың көзін көргендердің айтуынша, Тауман аға өзінің балалық шағы жайлы көп әңгімелей бермейтін. Өйткені, ол кісіде еске алатындай балалық шақ та болмаған. Есін білер-білмес шағында ата-анасынан айырылған бала Тауманды тағдыр аяған жоқ. Ішер асқа, киер киімге жарымаған ашаршылық, соғыс, тылдағы ауыр еңбек жылдары қаламгер-ғалымның балалық, бозбала шағымен тұспа-тұс келді. Жастайынан жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, тағдыр тауқыметін көп көрген тұлға өзінің қарапайымдылығы мен табандылығының арқасында журналистикадан өз орнын тапты. Мектепті де, жоғары оқу орнын да үздік тәмамдап, ғылым жолына бет алған жас маман үнемі ізденісте талмай еңбек етті. Мұхтар Әуезов сынды ұлы тұлғаның көзін көріп, қызметтес болған Тауман ағаның өмір мен еңбек жолы жас ұрпаққа үлгі.

Ғалымдықты ұстаздықпен ұштастырған қазақ елінің мақтанышы Тауман Салықбайұлының шәкірттері бүгінде ұлтқа сіңірген



елеулі еңбегімен ел құрметіне бөленген азаматтар, қоғам мен білім қайраткерлері және қазіргі журналистиканың майталмандары. Замандастарының алдында мәртебелі, шәкірттерінің алдында сыйлы болу әркімге бұйыра бермейтін бақ. Әсіресе, көргеніңді, түйгеніңді еркін жаза алмайтын, баспасөз бетіне еркін баса алмайтын кеңес заманында көпшіліктің талғамына сай келетін биік шығармаларды тудырып, өшпестей із қалдыру оңай шаруа емес еді. «Сөз қадірін өз қадірім» деп түсінген Тауман ағалардай ерлердің арқасында бүгінгі азат күнге жетіп отырмыз.

Тауман Салықбайұлы журфакта сабақ берген кездегі «балмұздақ» студенттер бүгінде ел ағаларына айналған. Амандосовпен амандасуды мәртебе санап, ұстаздарының алдында жапатармағай тізіле қалатын кешегі жас балалар бүгінде аға туралы әркез әдемі естеліктерін айтып отырады. Әр шәкірттің жүрегінде ұстазына деген құрмет ұялаған.

Тауман аға туралы естеліктерді оқыған кезде ол кісінің келбетті бейнесі көз алдыңа келеді. Аяғын аздап сылтып басқанымен, жүрісі сырбаз, тау тұлғасы сымбатты ұстаз аудиторияға кіріп келгендегі қалпы талай шәкірттің жадында қалды. Тауағаның қағазға шұқшимай лекцияларын шешендікпен төгілтіп оқитынын да шәкірттері жыр қылып айтады. Ұстаздың жүріс-тұрысы, білім-парасаты, адами болмысы шәкірттерінің зердесіне нұр болып құйылып, алтын қасиеттері көпшілікке мирас болып қалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ,**
**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор:**

### Журналистикаға ұлттық болмыс-бітіміміз тұрғысынан қарайтын

Тауман ағаның сабақ беру үрдісі бөлек еді. Ол кісінің дәрісін соңына дейін салиқалы, салқынқанды кейіпте отырып тыңдайсың. Нege екені белгісіз, сабақ үстінде Тауман аға «журналистика» дегенді «жорналистика» деп айтады. Өз сөзімен айтқанда, «буржуазиялық жорналистиканы» жерден алып, жерге салады. Журналистік шеберлік сабағында мақаланың каттылау қағазға басылған қиындысын апарып көрсетсең, «О, жорнал ғой мынау!» деп мәз болады. Бірақ «журфакты» «жорфак» демейді әйтеуір. Жыл сайын алғашқы танысу сабағында қызықырынның журналист болып жарытпайтынын дәлелдеп беру – профессордың дәстүрлі дағдысы. Бұл лекциядан қыз біткен терлеп-тепшіп шығады. Бір жағынан Тауман ағайды түсінуге болады. Ол бұл мамандыққа ұлттық болмыс-бітіміміз тұрғысынан қарайды. Оның үстіне, ол кездегі журналистиканың сипаты бөлектеу еді. Ер-азаматтан басқаның қабырғасы қайысып кететіндей көрінетін. Сол кезде кейін төмен етектілер бұқаралық ақпарат құралдарын түгел жаулап алатын кезең келеді десе, Тауман ағам сенер ме еді?!

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде Амандосов аудиториясы бар. Бұл аудиторияда ұстаздың рухы ұялап қалған. Алаш жұртына танымал Амандосов аудиториясы әлі де қазақ журналистикасына қан таратып тұр...

**Бауыржан ЖАҚЫП,**
**ҚР Жазушылар одағы басқарма басшысының орынбасары, профессор:**

### Мейірімді, қамқор жан еді

Мен 1980 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түстім. Ең алғаш «Журналистикаға кіріспе» деген лекцияны Тауман Салықбайұлы оқыған еді. Бұл менің Тауман ағамен алғашқы кездесуім. Журналистика мамандығының қыр-сыры, оның қиындықтары, қызықтары қандай, журналистиканың әлемдегі орны, тарихы – осы мәселелердің барлығы қамтылған лекция тыңдадық. Кейін мен университетті бітіріп, Қазақ телерадиосының әдеби-драмалық бас редакциясында қызмет атқардым. Кейіннен «Жалын» баспасында редактор болдым. Сол «Жалын» баспасында жұмыс істеп жүргенімде профессор Тауман аға мені КазГУ-дың Журналистика факультетіне оқытушылық қызметке шақырды. «Біз болсақ базардан қайтып бара жатырмыз. Сендер базарға келе жатырсыңдар. Қазақ журналистикасына қазақ мамандарын тәрбиелейтін жастар – сендер келулерің керек» деген еді.

Сонымен, 1986 жылдан бастап ҚазМУдың Журналистика факультетінде жұмыс істедім. Тауман аға көп ізденуді, ұқыпты болуды талап ететін. Ешкімге қиянат жасамайтын мейірімді кісі еді. Ол кісінің бір ерекше қасиеті – адам танығыштығы. Қолынан келетін, «жаза алады» деп санаған шәкіртіне бағыт-бағдар беретін. Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан журналистикасының беделін көтеріп жүргендердің дені – Тауман ағаның шәкірттері.

КОНФЕРЕНЦИЯ

# Амандосов аманаты

**Рая ЕСКЕНДІР**

**Қазақ білімінің қарашаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ғалым, журналист, филология ғылымының докторы, профессор Тауман Амандосовтың 100 жылдығына орай, «Журналистика, баспа ісі, медиадизайн: бүгінгі тренд және даму тенденциясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция офлайн және онлайн форматта өтті. Конференцияға қатысушылар ректорат фойесіндегі Т.Амандосовтың шығармашылығына арналған кітап көрмесі мен «Өмірінен үзік сырлар» деп аталатын фотокөрмені тамашалады.**

Конференция жұмысын Журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.к, доцент Сансызбай Мәдиев ашып, жүргізіп отырды. Модератор алдымен ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев пен Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның құттықтау хаттарын оқыды. Конференцияның алғашқы сөз кезегін университет ректоры Жансейіт Түймебаев алып, заңғар тұлғаның бекзат бейнесін еске салды.

– Қазақ журналистикасының негізін салып, іргетасын қалыптастыруда Тауман Амандосовтың орны ерекше. Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралында еңбек етіп жатқан, қолына қалам ұстаған қаламгерлердің барлығы Тауман Салықбайұлының шәкірттері. Кезінде біз Тауман ағаның көзін көрдік. Ол кісінің дәлізді бойлап келе жатқанын көрудің өзі шәкірттеріне рух беретін. Болмысы бөлек кісі еді. Қазіргі кезде ол кісінің шәкірттерінің өзі жетпістен асып кетті. Бар саналы ғұмырын журналистиканың өркендеуіне арнаған тау тұлғалы Тауман Амандосовтың бейнесі алыстаған сайын биіктей түсуде. Ол кісінің берген білімі тереңдеп, асыл бейнесі Алатаудай асқақтап тұр, – деген университет ректоры Атыраудан арнайы келген Тауман Амандосовтың ұлы Азамат Амандосовқа ерекше ризашылығын білдірді.

Конференцияның негізгі баяндамасын ҚР Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып жасаса, ұлы ұстаздың даналығы тұрғысында белгілі жазушы Смағұл Елубай, көзін көрген шәкірттері, ф.ғ.д, профессор Намазалы Омашұлы еске алды. Тұлғаның есімін мәңгі қалдыруда атқарылып жатқан жұмыстар барысын «Атырау-Ақпарат» медиахолдингінің бас директоры Ысқақ Егембердиев баяндады. Тауман Амандосовтың 100 жылдығына байланысты іс-шаралардың денін әл-Фараби атындағы оқу ордасы өткізіп жатыр. Конференция соңында Журналистика факультеті өткізген «Үздік ғылыми жұмыс», «Үздік баспасөз материалы», «Үздік мультимедиалық жоба», «Үздік ғаламтор жарияланымы» бәйгелерінің жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

МЕРЕЙ

# Балақайлардың бақытты мекені

## Биыл еліміздегі мектепке дейінгі мекемелердің ашылғанына 10 жыл толып отыр



Осынау жылдар ішінде қаншама балабақшалар ашылып, жас өрендерге есігін ашса, жекешелендіру кезеңінде жалға кетіп, жабылып қалғандары да болды. Сондай қиын кездерде ашылса да, өз жұмысын тоқтатпай келе жатқан мекемелердің бірі – қалалық Білім басқармасына қарасты Медеу ауданындағы №96 балабақша. Аталмыш балабақшаның тарихы Алматымен тығыз байланысты деуге болады. Сонау 1971 жылы қаламыздың «алтын аралық» деп аталатын сәнді де, зәулім ғимараттарының арасынан типтік балабақша бой көтеріп, оған «Жұлдызша» деген атау беріледі. Құрылыс сәтімен аяқталып, 1973 жылы жаңа балабақша пайдалануға берілді. Содан бері қаншама жылдар өтті. Қазіргі уақытта Медеу ауданының «№96 бөбекжай-балабақшасына» МКҚК мектепке дейінгі ұйым деген мәртебе берілген. Балабақшаның тарихы әр жылдары түрлі кезеңдерге толы болды. Өткен ғасырдың 80-жылдары балабақша бүкіл қаланың басшылары мен тәрбиешілері үшін ашық іс-шаралар өткізілетін шығармашылық алаң болып, әртүрлі елдердің туристері жиі келді. Балабақша тәрбиешілері сол кездің өзінде Германия, ГДР, Конго, Франция, Мәскеу педагогикалық институтымен тығыз жұмыс жасады. Дайындық топтарына арналған бағдарламаны енгізу бойынша эксперимент жүргізілді. Балабақша тәрбиешілеріне арнап КСРО-ның ең танымал Т.В.Тарунтаева, Д.В.Хухлаева, В.П.Шулешко сияқты педагогтары дәріс оқыды. 1984 жылы тұңғыш рет балабақша базасында мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің Бүкілодақтық семинары өткізілді. Сол жолы балабақша тәрбиешілері семинарға қатысушылар мен ата-аналарға арнап ашық сабақтар көрсетті. Ал 90-жылдары балабақшада түрлі жастағы бүлдіршіндерге арналып ең алғашқы қазақ тілінде оқытатын 6 топ ашылады. Өзінің жүйелі жұмысы мен жас ұрпақ тәрбиесіндегі тәжірибесі үшін 2000 жылы балабақша ұжымына «Балбөбек» бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмысы үшін «Бөбек» қорының төрайымы Сара Алпысқызының арнайы сыйлығына ие болады. 2004 жылы балабақша ұжымы Алматы қаласы әкімінің «Ең үздік балабақша» байқауының жеңімпазы атанды. Балабақшаға арнайы ат басын тіреген АҚШ делегациясы да ұжыммен іс-тәжірибе алмасып, қызығушылық танытты. Заман талабына сай, жаңашылдыққа ұмтылған ұжым 2004 жылы балаларға компьютерлік сауаттылық негіздерін үйрету мақсатында компьютерлік сынып ашып, бүлдіршіндермен бірге қызметкерлер де қызығушылықпен ден қойды. Мектепке дейінгі ұйымның бастамасымен шығармашылық топ құрылып, оның құрамына Н.В.Карасева, И.А.Еренова, М.В.Курбатова сынды нағыз өз мамандығының майталмандары енді. Бұл да көп мекемелерде кездесе бермейтін жаңашылдық. Балабақшаның тағы бір ерекшелігі олардың өз бар. Онда көгілдір бейбіт аспандағы түрлі-түсті кемпірқосақ пен алтын күннің нұрына бөленген балабақша үйі бейнеленген. Гүлденген шалғынды өлкеде көңілді әуенмен әндеткен балақайлардың Бақытты пойызы жылжып барады.

Жақында Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарының қызметкерлеріне арналған «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы» әдістемелік құралы жарыққа шықты, оның материалдарында №96 бөбекжай-балабақшасының жұмыс тәжірибесі ұсынылды.

Ата-аналардың қатысуымен өтетін Ашық есік күндері балабақшаның жақсы дәстүріне айналған. Қазіргі таңда педагогикалық қоғамның алдында білім берудің жаңа моделін құру, апробациялау және енгізудің жаһандық міндеті тұр. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды, әдістемелерді практикалық қызметке енгізу және бейімдеу – қазіргі уақыт талабы.

Осындайда А.С.Макаренконың «сіз адамды бақытты ете алмайсыз, бірақ оны бақытты етіп тәрбиелей аласыз» деген сөзі еске түседі. Балақайлардың бақытты мекенінде елу жыл ерен еңбекке толы болды. Біз балаларымызды бақытты етіп тәрбиелеуге тырысамыз!

**Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.**

ЭКОТУРИЗМ

***Экологиялық туризмді дамыту және қолжетімді әрі жайлы туристік инфрақұрылым құру шеңберінде Алматы қаласының әкімдігі шаһар қонақтары мен тұрғындарының жайлы демалуы үшін 6 кемпинг аймағын жабдықтайтын болады.***





# АЛМАТЫ ТУРИЗМІНІҢ КӨКЖИЕКТЕРІ

## Қала әкімдігі туристер үшін кемпинг аймақтарын орнатуды бастады

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде «Қайың тоғайында» кемпинг аймағы салынды. Туристерге ыңғайлы болу үшін келесі 5 демалыс аймағы қаланың Үлкен және Кіші Алматы шатқалдарының, оның ішінде Горельник, Ақбұлақ, Қызылсай, Казачка, «Ай алаңқайы» («Лунная» поляна) секілді ең танымал жерлерінде орналасатын болады. Олардың әрқайсысында орындықтары бар үстелдер, күркелер, шатырларға арналған алаңдар, алтыбақан ұлттық стиліндегі әткеншектер орнатылады. Әрбір кемпинг аймағының аумағы 30х20 метрді құрайды.

Соңғы 3 жылда Алматыға іргелес тау шатқалдарына саяхат жасайтын туристер арасында белсенді өсім байқалады. Бүгінде Іле Алатауы ұлттық саябағындағы Іле Алатауы таулары туристердің ең көп баратын орны болып есептеледі. Алматы әкімдігінде атап өткендей, таудағы қауіпсіздік және жайлы демалыс туризмді дамытудың маңызды мақсаттарының бірі болып қала береді. Сондықтан «Барлық алматылықтарды таза лық және табиғатты сақтауға шақырамыз», – деп атап өтті қала әкімдігі.

Бұдан басқа, Алматы билігі таудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. Оған тау үйшіктері, бақылау-құтқару пункттері және тікұшақ алаңы кіреді. Таулы жерлердегі туристік инфрақұрылымды жақсарту мақсатында 1000 шақырымнан астам таулы жаяу маршруттар цифрландырылды. Бүгінде олардың 663 шақырымға жуығы абаттандырылды.

### КЕРЕК ДЕРЕК

- **2019 жылы Алматы тауларына 1 миллион 334 мың турист шықса, оның 600 мыңы шетелден келген.**
- **Соңғы 4 жылда 1000 шақырымнан астам таулы бағыттар цифрландырылған. Биыл тағы 172 шақырым тау соқпағын жаңғырту жоспарлануда.**








# НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

## Дәстүр және қазіргі заман



Осы демалыс күндері алматылықтар мен қала қонақтары жәрмеңкеден түрлі қолөнер бұйымдарын сатып ала алады. Күзгі маусым еліміздің әртүрлі өңірінен, тіпті көршілес мемлекеттерден келген қолөнер шеберлерінің басын қосқан дәстүрлі қолөнер жәрмеңкесімен жабылмақ.

– Жәрмеңкеде киізден жасалған пальто, жамылғы, шарф, қалпақ, үлбір және тоқылған бас киімдерді сатып алуға және жай ғана киіп көруге болады. Сондай-ақ, күмістен және мельхиорадан жасалған зергерлік бұйымдар, киіз және жібектен жасалған киім мен аксессуарлар, табиғи тастардан, мыс сымнан, эпоксидті шайырдан, бисерден және полимерлі балшықтан жасалған әшекейлер, керамикалық және ағаш ыдыстар көпшілікке ұсынылады. Жәрмеңкеде сіз жайлы тәпішке таңдай аласыз немесе қолдан жасалған қуыршақты, түрлі былғары бұйымдарын және басқаларын таба аласыз, – дейді ұйымдастырушылар. Сонымен қатар, балалар мен ересектер үшін нағыз киіз үй орнатылады.

– Оған кіруге, қабырғасына қол тигізуге, бұйым бөлшектерін қарауға, шаңырақ арқылы аспанға қарауға, естелік суретке түсуге болады. Өзіңіз келіңіз, достарыңыз бен таныстарыңызды шақырыңыз, жәрмеңке туралы жақындарыңыз бен қонақтарыңызға айтыңыз. Жәрмеңкені Алматы қолөнер палатасы өткізеді, – дейді ұйымдастырушылар.

**Күні мен уақыты:** 27-28 қараша, сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін.

**Орны:** Жібек жолы даңғылы, Желтоқсан және Наурызбай батыр көшелерінің аралығы.

## Отбасылық құндылықтар туралы



Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайында қазақстандық жас суретші Асқар Нұрболаттың Oshaq жеке көрмесі ашылды. Экспозиция аясында 30-дан астам кескіндеме жұмыстары ұсынылған. Көрменің негізгі тақырыбы – отбасы, отбасылық құндылықтар, күнделікті өмірдің өлшемдік мәні. Суретші үй мен ұяның атмосферасы адамның жеке басын қалыптастырады, ішкі әлемін толтырады және оның болашақ тағдырында маңызды рөл атқарады деп санайды. Нұрболат күнделікті өмірден алынған қарапайым сюжеттерге қызығушылық танытады, кейін өз жұмыстарында бейнелейді және оларды албырт мағынамен толтырады.

**Күні мен уақыты:** көрме 9 желтоқсанға дейін жалғасады, жұмыс уақыты сағат 10.00-ден 17.30-ға дейін.

**Өтетін орны:** Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3», 22/1).



## Бұл менің жастығым

Сенбі күні шаһарда «Юность» музыкалық фестивалі өтеді. Заманауи музыканы сүйетіндер «Хазбин» өнер кеңістігінде жиналады. Іс-шараның хедлайнері – атақты хип-хоп орындаушысы Антон Кузнецов. Ол Антох МС лақап атымен танымал. Ресейден келген музыкалық қонақ барлық музыкасын өзі жазады.

**Күні мен уақыты:** 27 қараша. Басталуы: 19.30.

**Өтетін орны:** Hazbin Арт-кеңістігі (Байтұрсынов көшесі, 141).

ЖОБА

# «ЖАМБЫЛДАН АМАНАТ» – екі ұжым ынтымақтастығының бастауы



Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

«Аманат» – біздің бірлескен жобамыз. Себебі, театр мен оркестрдің жолы бөлек болғанымен, бәріміздің илегеніміз – бір терінің пұшпағы. Өнер ортақ. Бірақ біздің жасап отырған жобамыз – бұрын-сонды елімізде болмаған қойылым. Басты мақсатымыз – актерлердің жан-жақты екенін, кез келген жанрда өнер көрсете алатынын көрсету. Ал оркестр танымал шығармаларды тыңдатып қана қоймай, музыка арқылы қазақ халқының тағдырына үңілуге мүмкіндік бермек», – деді Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының директоры Азамат Сатыбалды. Көрерменге ерекше көңіл сыйлаған концертте Жамбылдың жырларынан бастап, түрлі-түрлі өлеңдері оқылды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің орындаған күйлері, сүйемелдеген композициялары тіптен бөлек болды. Ерекше бағдарламалы концерт-спектакльдің дирижері – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Құрманғазы оркестрінің бас дирижері – Абылай Тілепберген. Қоюшы режиссер, актер – Данияр Базарқұлов. Сценарий авторы – ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Жастар сыйлығының лауреаты, ақын, жазушы – Ақзия Көлбаева.



**Күні кеше Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Жамбылдан аманат» атты концерт-спектаклі өтті. Іс-шара барысында күймен көркемделген сахналық көріністер қойылды. Жамбыл бабамыздың жас күнінен қартайған шағына дейінгі өткен өмірі суреттелген іс-шараның ұйымдастырушылары ұлы ақынды тану, жыраулық мектебімен танысып, рухани кемелдігіне ден қою арқылы оны ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен.**








## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



### Құмдағы әйел

Қалада ерекше декорацияланған қойылым өтеді. «Құмдағы әйел» қойылымының сюжетінен құм суырған секілді жел еседі. Сахнадағы ерекше көріністердің көптігі көрерменді таңқалдырады. Сценарий бойынша әуесқой мұғалім және энтомолог Ники Дзюмпей жәндіктер жинағын толықтыру үшін жорыққа аттанады. Күннің аяғында шаршап, ол соңғы автобусқа үлгермей, ауыл үйлерінің бірінде түнейді. Оған түнеу ұсынылған үй құмның ортасында болады. Ал үйдің қожайыны – жас әйел. Келесі күні таңертең ол төмен түсетін баспалдақтың жоқ болып кеткенін көрідеі. Көп ұзамай онда қонақ емес, тұтқын екенін түсінеді...

**Күні мен уақыты:** 27 қараша.
**Басталуы:** 19.00.
**Орны:** Үлкен сахна (Гоголь көшесі, 40)

### Мәдениет жақындастырады

Нигериялық суретші Мозес Зибордың «Біз жалғыз емеспіз» атты көрмесі ашылды. Шебердің еңбектерінен оның туған өлкесін көруге болады. Ол соңғы 10 жылда Қазақстанда тұрады, сонда да ол оның шығармашылығын өзгертпеген.

Қала көшелерінің шулы шуылы және ауылдағы кештердің тыныш сүйкімділігі. Суретшінің туған жеріне деген шынайы махаббаты оның картиналарын африкалық мотивтермен ерекшелендіреді және сүйкімділік береді. Африка әлі күнге дейін алыс және жұмбақ континент болып қала береді, ал халқының өнері көрермендердің көпшілігіне белгісіз.

Орны: Алматы мұражайы (Қабанбай батыр көшесі, 132).





### Махаббатпен жасалған

Ұмытылған қолөнер дәстүрін «Шебер. Біздің мұра» көрмесінің қатысушылары жаңғыртады. Экспозицияның негізін республикалық байқаулардың жеңімпаз жұмыстары құрайды. Онда қазақтың дәстүрлі қолөнері 100 пайыз қамтылған. Кизден жасалған зергерлік бұйымдар,

біз-кестемен кестелеу, керамика, ағаш ою, металды көркемдеп өңдеу, тоқыма және дәстүрлі киімдерді көпшілік көре алады.

**Күні мен уақыты:** көрме 5 желтоқсанға дейін жалғасады.
**Жұмыс уақыты:** 10.00-ден 17.30-ға дейін.
**Өтетін орны:** Ә.Қастеев атындағы ҚР мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3», 22/1).

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін**
**мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 17 қарашадағы №96 шешімі Алматы қаласы Әділет департаментімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2021 жылғы 25 қарашада №25371 болып енгізілді.

**ШЕШІМ**

**2021 жылғы 17 қарашадағы №96**

## Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №517 «Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

**ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №517 «Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1673 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 905 473 439 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 705 960 412 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 13 598 098 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 21 359 764 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 164 555 165 мың теңге;

2) шығындар – 942 233 327,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 20 561 238 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 21 638 225 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 21 925 225 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 78 959 351,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 78 959 351,4 мың теңге»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 9 997 224 мың теңге сомасында бекітілсін»;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Қорғаныс шығындары 6 069 231 мың теңге сомасында бекітілсін»;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 20 556 873 мың теңге сомасында бекітілсін»;

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Білім беру шығындары 233 925 154,4 мың теңге сомасында бекітілсін»;

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. Денсаулық сақтау шығындары 50 805 407 мың теңге сомасында бекітілсін»;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 34 911 167,6 мың теңге сомасында бекітілсін»;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 155 361 232 мың теңге сомасында бекітілсін»;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 35 226 501 мың теңге сомасында бекітілсін»;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 19 919 565 мың теңге сомасында бекітілсін»;

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 13 526 838 мың теңге сомасында бекітілсін»;

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 3 930 541 мың теңге сомасында бекітілсін»;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«17. Көлік және коммуникация шығындары 113 608 783 мың теңге сомасында бекітілсін»;

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Басқа да шығындар 70 244 244 мың теңге сомасында бекітілсін».

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының хатшысы С.КАНКУРОВ**

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2021 жылғы 17 қарашадағы №96*
*шешіміне қосымша*

Алматы қаласы мәслихатының
2020 жылғы 14 желтоқсандағы №517 шешіміне 1-қосымша

**Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті**

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Специфика | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | 2 | 7 |
| | | | | I. Кірістер | 905 473 439,0 |
| 1 | | | | Салықтық түсімдер | 705 960 412,0 |
| | 01 | | | Табыс салығы | 479 112 508,0 |
| | | 1 | | Корпоративтік табыс салығы | 224 701 513,0 |
| | | 2 | | Жеке табыс салығы | 254 410 995,0 |
| | 03 | | | Әлеуметтік салық | 151 347 124,0 |
| | | 1 | | Әлеуметтік салық | 151 347 124,0 |
| | 04 | | | Меншікке салынатын салықтар | 46 811 586,0 |
| | | 1 | | Мүлікке салынатын салықтар | 30 146 993,0 |
| | | 3 | | Жер салығы | 3 676 798,0 |
| | | 4 | | Көлік құралдарына салынатын салық | 12 981 675,0 |
| | | 5 | | Бірыңғай жер салығы | 6 120,0 |
| | 05 | | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар | 24 089 194,0 |
| | | 2 | | Акциздер | 14 274 555,0 |
| | | 3 | | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 2 872 046,0 |
| | | 4 | | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 6 940 316,0 |
| | | 5 | | Ойын бизнесіне салық | 2 277,0 |
| | 08 | | | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 4 600 000,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік баж | 4 600 000,0 |
| 2 | | | | Салықтық емес түсімдер | 13 598 098,0 |
| | 01 | | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 1 611 867,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 297 202,0 |
| | | 3 | | Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер | 49 029,0 |
| | | 4 | | Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер | 136 747,0 |
| | | 5 | | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 1 000 770,0 |
| | | 6 | | Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар | 96 389,0 |
| | | 7 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 19 219,0 |
| | | 9 | | Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер | 12 511,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 4 372,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 4 372,0 |
| | 03 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 4 935,0 |
| | 04 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 10 498 045,0 |
| | | 1 | | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 10 498 045,0 |
| | 06 | | | Өзге де салықтық емес түсімдер | 1 478 879,0 |
| | | 1 | | Өзге де салықтық емес түсімдер | 1 478 879,0 |
| 3 | | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 21 359 764,0 |
| | 01 | | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 17 194 764,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 17 194 764,0 |
| | 03 | | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 4 165 000,0 |
| | | 1 | | Жерді сату | 4 000 000,0 |
| | | 2 | | Материалдық емес активтерді сату | 165 000,0 |
| 4 | | | | Трансферттер түсімдері | 164 555 165,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 164 555 165,0 |
| | | 1 | | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 164 555 165,0 |

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шығындар | 942 233 327,4 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 9 997 224,0 |
| | | 111 | | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты | 148 050,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету | 144 982,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 068,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 2 401 720,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету | 2 312 363,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 89 357,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 4 690 820,0 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 3 127 403,0 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 563 417,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 78 269,0 |
| | | | 013 | Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 78 269,0 |
| | | 379 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы | 345 299,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 339 718,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 5 581,0 |
| | | 318 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы | 960 153,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 632 071,0 |
| | | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 9 025,0 |
| | | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату | 31 632,0 |
| | | | 014 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 287 425,0 |
| | | 320 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы | 61 474,0 |
| | | | 010 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 61 474,0 |
| | | 320 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы | 713 407,0 |
| | | | 001 | Экономикалық саясат, жоспарлау және бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 712 604,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 803,0 |
| | | 369 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы | 598 032,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 474 199,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 932,0 |
| | | | 004 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 4 905,0 |
| | | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 115 996,0 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 6 069 231,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 328 981,0 |
| | | | 010 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 113 808,0 |
| | | | 011 | Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс | 215 173,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 1 579 427,0 |
| | | | 014 | Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою | 1 579 427,0 |
| | | 314 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы | 944 963,0 |
| | | | 030 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 944 963,0 |
| | | 387 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы | 3 215 860,0 |
| | | | 003 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары | 2 535 451,0 |
| | | | 004 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары | 680 409,0 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 20 556 873,0 |
| | | 314 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы | 14 454,0 |
| | | | 021 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 14 454,0 |
| | | 352 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 17 520 228,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету | 15 551 583,0 |
| | | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 18 000,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 950 645,0 |
| | | 314 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы | 314 805,0 |
| | | | 099 | Зираттар бар крематорийлер салу | 314 805,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы | 2 707 386,0 |
| | | | 004 | Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 2 707 386,0 |
| 04 | | | | Білім беру | 233 925 154,4 |
| | | 314 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы | 3 290 577,4 |
| | | | 006 | Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту | 1 275 990,0 |
| | | | 037 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 2 014 587,4 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 31 655 825,0 |
| | | | 034 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту | 31 655 825,0 |
| | | 314 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы | 35 909 762,0 |
| | | | 027 | Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту | 4 050 372,0 |
| | | | 028 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 31 857 390,0 |
| | | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 2 000,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 3 514 204,0 |
| | | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 2 996 131,0 |
| | | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 518 073,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 123 629 001,0 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 49 543 408,0 |
| | | | 004 | Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 4 607 910,0 |
| | | | 005 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 2 314 071,0 |
| | | | 008 | Балаларға қосымша білім беру | 5 366 846,0 |
| | | | 019 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 34 000,0 |
| | | | 040 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 61 762 766,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 592 124,0 |
| | | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 592 124,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 17 991 481,0 |
| | | | 018 | Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру | 33 338,0 |
| | | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 17 958 143,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 5 029,0 |
| | | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 5 029,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 238 622,0 |
| | | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 238 622,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 6 497 692,0 |
| | | | 038 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау | 6 497 692,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 83 572,0 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 83 572,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 69 845,0 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 69 845,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 10 447 420,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 551 155,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 006 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру | 513 545,0 |
| | | | 007 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 2 573 156,0 |
| | | | 009 | Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 489 487,0 |
| | | | 013 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 576 542,0 |
| | | | 014 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 189 297,0 |
| | | | 021 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері | 333 230,0 |
| | | | 027 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 3 386,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 5 217 622,0 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 50 805 407,0 |
| | | 314 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы | 6 455 651,0 |
| | | | 009 | Алматы қаласында қоғамдық денсаулық объектілерін сейсмикалық күшейту | 517 227,0 |
| | | | 038 | Қоғамдық денсаулық объектілерін салу және реконструкциялау | 5 938 424,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 8 719 699,0 |
| | | | 005 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 1 607 936,0 |
| | | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 248 498,0 |
| | | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 28 038,0 |
| | | | 041 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету | 6 835 227,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 3 663 530,0 |
| | | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 3 663 530,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 1 118 884,0 |
| | | | 039 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі | 1 118 884,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 29 021,0 |
| | | | 029 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары | 29 021,0 |
| | | 322 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы | 30 818 622,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 345 990,0 |
| | | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 53 767,0 |
| | | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 7 201,0 |
| | | | 018 | Қоғамдық денсаулық саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 136 612,0 |
| | | | 030 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары | 22 735,0 |
| | | | 033 | Медициналық қоғамдық денсаулық ұйымдарының күрделі шығыстары | 28 786 020,0 |
| | | | 051 | COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 444 528,0 |
| | | | 052 | COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алуға бағытталған күрделі шығыстар | 21 769,0 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 34 911 167,6 |
| | | 314 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы | 573 029,0 |
| | | | 039 | Әлеуметтік әл-ауқат объектілерін салу және реконструкциялау | 573 029,0 |
| | | 327 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы | 6 840 642,6 |
| | | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 994 124,0 |
| | | | 006 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 2 649 429,0 |
| | | | 020 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 574 886,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 021 | Оңалту орталықтарында карттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 556 889,6 |
| | | | 022 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 062 674,0 |
| | | | 057 | Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету | 2 640,0 |
